

Террористік қауіп қатерінің деңгейлері белгіленген кездегі іс-қимыл тәртібі бойынша ұсынымдар

27 қаңтар 2022

Көру саны:251



Террористік қауіп қатерінің деңгейлері
белгіленген кездегі іс-қимыл тәртібі бойынша

ҰСЫНЫМДАР

бірқалыпты «САРЫ»



Қараусыз қалған сөмке, қорап, орама, қап, чемодан түріндегі, әсіресе, шығып тұрған сымдары және техникалық құрылғылары бар заттарға, сондай-ақ қоғамдық орындарда және көлікте оғаш, күдікті адамдарға назар аударыңыз;



Күдікті заттарды сақтауға немесе тасымалдауға қабылдамаңыз;



Айналадағыларға қараусыз заттарға тиісу қауіпті екенін түсіндіріңіз;



Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құжаттарды тексеруіне түсіністікпен қарап, оларға жәрдем көрсетіңіз;



Ағымдағы жағдай туралы жаңалықтарды тыңдап отырыңыз;



Дүрбелеңге салынбаңыз.

жоғары «ҚЫЗҒЫЛТ САРЫ»



«Сары» деңгей кезіндегі қажетті іс-қимылдар есіңізде болсын;



Әрдайым және барлық жерде жеке басты куәландыратын құжаттарды өзіңізбен бірге алып жүріңіз;



Аса қажеттілік болмаса, адамдар көп жиналатын жерлерге барудан бас тартыңыз;



Қосалқы шығулардың болуы мәніне Сіз тұрған ғимараттың схемасын зерттеңіз;



Көлемі үлкен жүкпен жүруден бас тартыңыз;



Төтенше жағдай туындаған кезде отбасы мүшелерімен іс-қимыл тәртібін талқылап алыңыз;



Сіздің үйдің жанында бейтаныс адамдар мен автомобильдердің пайда болуына назар аударыңыз.

шекті «ҚЫЗЫЛ»



Алдыңғы деңгейлердің («сары» және «қызғылт сары») талаптарын орындаңыз;



Террористік қауіп деңгейі белгіленген аймақтарға барудан бас тартыңыз;



Балалардың далаға шығуын шектеңіз;



Ықтимал эвакуациялауға дайындалыңыз, алғашқы қажеттілік заттарын дайындаңыз;



Теледидар мен радиоқабылдағышты ұдайы қосулы ұстаңыз;



Негізсіз және тексерілмеген ақпаратты таратуға жол бермеңіз;



Егер ықтимал терроршының жанында болып қалсаңыз, онда қылмыскердің сырт келбетін, оның ерекше белгілері мен мінез-құлық мәнерін есте сақтап қалуға тырысыңыз. Бұл ретте оларды тоқтатуға тырыспаңыз және олардың фото және бейнетүсірілімін жасамаңыз.

«Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу қағидаларын бекіту» ҚР Президентінің 2013 ж. 09.08 № 611 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында немесе өңірлері мен елді мекендерінің аумақтарында террористік қауіптіліктің мынадай деңгейлері:

● - бірқалыпты («сары») – терроризм актісі (актілері) жасалуының нақты мүмкіндігі туралы растауды талап ететін ақпарат болған кезде;

● - жоғары («қызғылт сары») – терроризм актісі (актілері) жасалуының нақты мүмкіндігі туралы

расталған ақпарат болған кезде;

● - шекті ("қызыл") – жасалған терроризм актісі туралы ақпарат, сондай-ақ терроризм актісін (актілерін) қайталап жасау немесе террористік тұрғыдан осал объектілерге бір мезгілде террористік шабуылдар жасау мүмкіндігі туралы расталған ақпарат болған кезде белгіленуі мүмкін.